




10-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ЭСТЕТИКА

Көркем шығармашылық





Көркем шығармашылық

1. Шығармашылық үдеріс
2. Автор және оның шығармашылыққа бейімділік дәрежесі
3. Дарындылық
4. Көркем шығармашылықтың психологиялық механизмдері
5. Сана және бейсана

Құрметті тыңдаушылар, Юрий Боровтың «Эстетика» оқулығы асыяндағы дәрістер циклын жалғастырамыз. Автордың назар аударған келесі мәселесі «Көркем шығармашылық». Алдымен, шығармашылықтың өзіне анықтама берейік. Шығармашылық – жалпы мағынасында алғанда сапалы жаңа материалдық және рухани құндылықтарды немесе субъективті жаңаны жасау нәтижесін көрсететін адам қызметінің үдерісі болып табылады. Шығармашылықты өндірістен ерекшелейтін негізгі өлшем – оның нәтижесінің бірегейлігі. Шығармашылық нәтижесін бастапқы шарттардан тікелей шығару мүмкін емес. Дәл сондай бастапқы жағдайды жасап қойса да, мүмкін автордан басқа ешкім де дәл сондай нәтижеге қол жеткізе алмайды. Шығармашылық үдерісінде автор жасалып жатқан туындыға, еңбекпен келмейтін немесе логикалық тұжырым жасауға болмайтын, сайып келгенде соңғы нәтижеде өзінің жеке тұлғасының қандай да бір астарын қамтитын, қандай да бір мүмкіндіктерді қояды. Өндіріс заттарымен салыстырғанда дәл осы дерек шығармашылық туындының құндылығын арттырады.

Шығармашылық – бұрын-соңды болмаған қандай да бір сапалы жаңа дүниені туындататын қызмет.

Ал, көркем шығармашылық шығармашылықтың бір түрі болып табылады. Осыдан шығатын қорытынды, көркем шығармашылық – нәтижесі өнер туындысын жасау болып табылатын, яғни көркем бейнелер арқылы объективті шынайылықты арнайы көрсететін шығармашылық түрі.

Көркем шығармашылық, аяқталған өнер туындысына нақты идеялық-бейнелік ойды түрлендірудегі суретшінің жұмыс кезеңдерінің жиынтығын білдіретін, шығармашылық үдеріс арқылы жүзеге асады. Бұл үшін, қабілет сияқты шығармашылық қызметтің кейбір факторларын ерекшелеуга болады.

Көркем шығармашылық әлем құбылыстарына жіті назар аударудан басталады және «сирек әсер», оларды есте сақтау мен түсіну дегенді білдіреді.

Осы ретте Абай шығармашылығын мысалға алатын болсақ, көркем шығармашылыққа талдау жасағанда, оны реалистік тұрғыдан қарастырғанын көреміз. Ол даму бастауы мен өнер мазмұны, адам өзінің шығармашылық іс-әрекеті барысында танитын, шынайы болмыс деп санаған. Көркем шығармашылықты Абай өзінің педагогикалық ойлары мен халықты көркемдік тәрбиелеудің құралы ретінде пайдаланды. Міне, сондықтан да, ол өз өлеңдерінде поэзияның қоғамдық өмірдегі рөлі мен мәні туралы, қоғамдағы ақынның орны туралы айтты.

Көркем шығармашылықтың маңызды психологиялық факторы есте сақтау болып табылады.

Көркем шығармашылықта саналылық пен бейсаналық, ақыл-парасат пен интуиция қатар жүреді. Демек, саналылық пен бейсаналық, ақыл-парасат пен интуиция, табиғи дарын мен игерілген дағдылар өзара әрекетке түседі.

Швейцариялық психиатр, педагог Карл Густав Юнг 1921 жылы жазылған «Психологиялық типтер» еңбегінде жеке тұлғаның ерекше типологиясын жасаған болатын. Оның бақылауларына сәйкес, адам өзінің көзқарасында екі бағытта болуы мүмкін: біріншісі, сыртқа – бұндай адамды ол экстраверт деп атады, яғни оны қоршаған объектілерге бағытталған; өзіне бағытталған басқа типті интроверт деп атады. Экстраверт үшін сыртқы талаптар маңызды болып, оған тәуелділік сақталса, интроверт үшін өзінің саналы ниеттерін ұстану тән. Ғалымның пайымдауынша, батыстық мәдениет – экстравертті, себебі ол әлемді танумен айналысады, ал, шығыстық – интровертті, өйткені адамның ішкі әлемін тануға назар аударады, оған сымал ретінде, қалыптасқан әр түрлі йога, медитация тәсілдерін айтуымызға болады.

Карл Густав Юнг осы типологияның негізінде көркем шығармашылық ерекшелігін де түсіндіреді. Осы ретте, ол өзіне дейінгі өнерді сентименталды және аңғал деп көрсете отырып, көркем шығармашылық сипатындағы ерекшелікті түсінген Фридрих Шиллерге сілтеме жасайды. Юнг үшін «сентименталды» өнер – интровертті, ал «аңғал» өнер – экстравертті. Осы концепцияның аясында Юнг, Фридрих Ницше негіздеген аполлондық және дионистік бастамалардың көрініс беруін де түсіндіреді. Аполлонизм – өзінің ішкі әлеміне ұмтылу болса, дионистік бастама – өзінің аясынан шығу болып табылады. Шығармашылықтағы осы екі ниетке немесе жасампаздықтың мүлдем бөлек екі тәсіліне сәйкес, Карл Густав Юнг суретшінің шығармашылық қызметіндегі ерекшелікті түсіндіреді.



Кітап: Эстетика
Дәріс: Көркем шығармашылық
Дәріс авторы: Әлия Өмірбекова

Шығармашылық қызмет мәдениеттің ең басты бөлшегі, оның мәні. Мәдениет және шығармашылық өзара тығыз байланысты. Мәдениетті шығармашылықсыз айту мүмкін емес, себебі ол рухани және материалдық мәдениеттің арықарай дамуы болып табылады. Шығармашылық – мәдениет дамуындағы сабақтастық негізінде ғана мүмкін болады. Шығармашылық субъектісі өзінің міндетін адамзаттың рухани тәжірибесімен, өркениеттің тарихи тәжірибесімен өзара әрекетке түсу арқылы ғана жүзеге асыра алады. Шығармашылық қажетті шарт ретінде өзінің субъектісін сол мәдениетке сіндіру, адамдардың бұрынғы қызметінің кейбір нәтижелерін өзекті ету арқылы көріне алады. Боров көркем шығармашылықты тікелей жасаушы немесе құраушы бірнеше факторлар мен жайттарды жеке-жеке атап өтеді. Оларға маңызына қарай, мүмкіндігінше тоқталып өтейік. Және де бұлардың әркімге қажетіне қарай ақпарат екенін де естен шығармағанымыз дұрыс, дегенмен де автор бұл тақырып аясында жан-жақты талдау жүргізген.

Мәселен, шығармашылықты туындатушы тұлға – автор – көркем шығарманы, ғылыми публицистикалық туындыны, сәулеткерлік дүниелерді, жобаларды, өнертабысты жазған, әдебиет, өнер, музыка, бейнелеу, мүсін, сәулет, графика, ғылым, техника саласында шығарма жазған немесе жоба жасаған немесе соған қатысқан адам не ұжым, мекеме, ұйым.

Сонымен қатар, автор – өнер туындысын жасаушы; қаламгер, өз шығармасы арқылы өзінің дара, көркемдік танымын әйгілейтін шығармашылық тұлға. Автор санаты шығармашылық қабілет, шығармашылық даралық, дара дүниетаным, этикалық, эстетикалық принцип, өмір тәжірибесі секілді ұғымдар ауқымында талданады. Әлемдік өнертануда автор санаты туралы ортақ тұжырымның жоқ екенін де ескерту қажет.

Көркемдік жүйе түзуші бірегей қабілет, ерік иесі автор шығармашылық үдеріске қатыстылығы байырғы мифтерден, фольклор туындыларынан да байқалды. Алайда ежелгі мәдениеттер кеңістігінде автор тұлғасының дара шығармашылық сипатынан гөрі, медиаторлық белгісі басым еді. Гегельдің айтуынша, мифология – өнердің қайнар көзі, бірден-бір қойнауы болған көне дәуірде автор үшін дара өмірлік материалды, оны көркемдік тұрғыда қайта қорытудың дара тәсіл, құралдарын іздеудің, мүмкіндігін де, қажеттілігі де болмаған. Яғни, автор тіршілікті, әлем сырын мифтік канондар бойынша жырлайтын абыз-медиум, дәнекерші-түсіндірмеші рөлін орындаған.

Жалпы көркем шығармашылықты туындататын негіз дарындылық десек қателеспейміз. **Дарындылық** адамның өз бейімділігі арқылы, шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиет.

Сонымен қоса, **дарындылық:**

- қызметтің табысты орындауын қамтамасыз ететін қабілеттердің сапалы өзіндік байланыстыруы;
- адам мүмкіндіктерінің кеңдігі мен қызмет өзіндігін айқындайтын жалпы қабілеттер немесе қабілеттердің жалпы сәттері;
- ақыл әлеуеті немесе парасаттылығы, оқуға деген танымдық мүмкіндіктері мен қабілеттердің біртұтастық жеке сипаттамасы;
- қабілеттердің, табиғи көрсеткіштердің жиынтығы, қабілет табиғи себептерінің айқындалу және өзіндік деңгейінің сипаттамасы;
- таланттық; қызметіндегі ұлы жетістіктер үшін қажетті ішкі шарттардың бірі.

Шығармашылық үшін даралықты танытатын фактор – талант.

Ол ұлттық, кейде жалпыадамзаттық маңызы бар көркем құндылықтарды тудырады.

Талант – қабілеттердің ең алдымен, арнайы қабілеттердің дамуының биік деңгейі. Таланттың болуы туралы адам қарекетінің принципті жаңалығымен, бірегейлігімен ерекшеленуге тиіс нәтижелеріне қарап айтуға болады. Адамның таланты айқын қажетсінушілік пен шығармашылыққа бағытталып, әрқашан белгілі бір қоғамдық талап-тілектерді бейнелейді. Осы себепті адамның талантының дамуында оның дүниетанымы, қоғамдық позициясы орасан зор рөл атқарады. Талант деп қандай да бір іс-әрекеттің, әсіресе табысты, дербес түрде шешілуіне жағдай жасайтын аса үздік қабілеттіліктердің ұштасуын атайды. Дарындылық — адамның белгілі бір іске деген айрықша қабілеттілігі, өмірдің қандай да бір саласында өзін ерекше қырынан көрсетуі.

Талант белгілі бір күрделі қызметті табысты, дұрыс орындауға мүмкіндік беретін ерекше қабілеттерді дамуының жоғарғы деңгейі. Бұндай қабілеттердің жиынтығы жаңашылдығымен, дамуының жоғарғы деңгейімен немесе әлеуметтік маңыздылығымен ерекшеленетін дүниені тудыруы мүмкін. Талант әр түрлі қызметте пайда болады. Талант әр тұлғаның өзіне ғана ерекше белгілерге ие болып табылады. Таланттың бар болуын, немесе жоқ болуын адамның жасаған қызметінің нәтижесіне қарай, оның жемісті



қорытындысына қарай анықтауға болады.

Өнер саласына, оның ішінде өнер туындыларының даралығына қатысты ерекше тұлғалар болатындығын жоққа шығара алмаймыз. Гений немесе тума талант – ақылдың, дарынның ең жоғарғы даму деңгейі. Сонымен қатар, гений- рухани кемелдікке жетіп, даналық қасиеттерді меңгерген тұлға. Гений болмыстың заңдылықтарын терең түсініп, толық сезінеді және өзі де сол заңдылықтардың аясында, ауытқымай өмір сүреді. Оның қарапайым адамдардан айырмашылығы - өзінің іс-әрекетін, барша ғұмырын өткінші қызықтың, жеке бастың қамына емес, мәңгілік құндылықтарға, жалпы адамзаттық аңсарларға бағыттап, өз тұтастарына, кейін ұрпақ өкілдеріне өнеге таратып, ізгі ықпалын тигізеді.

Өнердегі гений – қоғамдық дамуды, адам мәдениетінің маңызды бөлігіне айналатын шығармашылық құндылықтарды тудыра алатын тұлғаның ең жоғарғы қабілеті.

Көркем шығармашылық – күтпеген көркем шындықты жасау.

Өнер өмірді қайталамайды, ол ерекше шындықты жасайды. Көркем шындық тарихқа параллель болуы мүмкін, бірақ ол ешқашан оның тура көшірмесі болмайды.

Шығармашылыққа түрткі болар фактор қиял екені даусыз. Қиял – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының субъективтік образдарын қайтадан жаңартып, өндеп, бейнелеуде көрінетін, тек адамға ғана тән психикалық үдеріс.

Көркем шығармашылықта қолданылатын және жиі кездесетін ассоциация, ол – адам санасындағы бір құбылыстың пайда болуы арқылы, сол туралы өзге құбылыстарды заңдылық бойынша туындататын байланыстар.

Ал, өнердегі ассоциация – адам қызметінің тарихи-мәдени тәжірибесінде бекітілген және жадында сақталған шынайылықты көрсету үдерісінде туындайтын түсініктер арқылы шығармашылық айқындалуға жету тәсілі.

Көп жағдайда шығармашылық қызметтің жемісті болуы мен шығармашылық үдерістің басталуы үшін, шығармашылық тұлғаға шабыт қажет. Шабыт – адамдармен интенсивті қарым-қатынас жасағысы және белсенді жұмыс істегісі келуімен, сергек күймен ілесіп жүретін жалпы көңілінің көтеріңкі күйі. Мұндай күйде, әдетте, адамдар олардың қолынан бір нәрселер жақсы келген өмірлерінің сәттерінде болады. Шабыт үздіксіз ізденудің нәтижесі екені даусыз.

Кез-келген іс-әрекет өнімді болу үшін, әрбір жеке тұлғаның өзіндік жайлы күйі болуы шарт. Соның бірі, іштей босану, ол – адамды белгілі бір сценарийден босататын «құрал». Ішкі босанудан кейін адам автономды болып, өз қалауына байланысты өмір сүре бастайды. Сценарий аумағында болу – ол адамның өзін-өзі жоюдың «құралы». Кейбір сценарийлерде ол бірден көзге түседі, кейбіреулерінде оны Ежелгі Грекиядағы дельфийлік оракулдың сөзі сияқты мағынасын терең ашу керек немесе іздеу керек. Іштей босану белгілі бір жағдайға немесе уақытқа бағытталуы мүмкін.

Шығарманы жасаудың шығармашылық үдерістің компоненттерін де назардан тыс қалдыруға болмайды, оларға сана және бейсана жатады.

Сана шығармашылықтың көптеген маңызды жақтарын анықтайды. Ол шығарманың мақсатын, шығармашылығын және көркем тұжырымдамасының негізгі контурын бақылайды, суретшінің барлық тәжірибесін ұйымдастырады.

Көркем шығармашылыққа қатысты айтылатын мәселе – көркем бейне. Енді оның бірнеше сипаттамсына тоқталайық:

Метафоралық, парадокстық, ассоциативтік. Көркем бейне – бұл басқа құбылысты ашатын, басқаша ой, метафорикалық ой.

Өзіндік қозғалыс. Көркем бейненің өз логикасы бар, ол өзінің ішкі заңдары бойынша дамиды. Суретші бейненің барлық бастапқы өлшемдерін көрсетеді, бірақ оларды қойып, ол көркем шындықты еш зорлық-зомбылық жасамай, өзгерте алмайды. Туындының негізінде жатқан өмірлік материал оны өзіне алып келеді және суретші кейде ұмтылған қорытындыға мүлдем келмейді.

Көпмағыналылық және аяқталмағандылық. Ғылыми-логикалық ойда бәрі анық және бір мәнді. Ал бейнелі ой көп мағыналы болып келеді. Ол сондай-ақ өмірдің өзі сияқты мәні мен мағынасы жағынан бай және терең. Бейненің көп мағыналы аспектілерінің бірі – болжамсыздық.

Жеке жалпылау. Көркем бейне – бірқатар құбылыстар үшін нақты-сезімдік формада елеулі түрде ашылатын жалпылау.

Ойлар мен сезімдердің бірлігі. Көркем бейне – ұтымды және эмоционалдық бірлік. Эмоционалдылық



– көркем бейненің тарихи алғашқы негізі.

Әлемнің шынайылығы және суретшінің тұлғасы – бейненің құрылыс материалы. Бейнеге суретшінің шығармашылық қиялымен қайта өңделген шындық материалы, оның суреттелген қарым-қатынасы кіреді.

Түпнұсқалық. Бейне бірегей, принципті түпнұсқа. Тіпті бір өмірлік материалды игере отырып, ортақ идеялар негізінде бір тақырыпты аша отырып, әр түрлі туындылар әр түрлі шығармаларға суретшінің шығармашылық даралығын өз ізіне салады. Шедеврдің авторын оның суреті, шығармашылық мәнері бойынша білуге болады.

Түпнұсқалық – көркем шығарманың мазмұны мен формасында, байлықта, әлемді эстетикалық қабылдаудың терең түбінде және стандартты еместігінде, өнердегі құбылысты бірегейлеудегі бағада көрініс табатын эстетикалық объект пен субъекттің қайталанбайтындығы, олардың өзгешелігі.

Профессор Ақтолқын Құлсариева: «ой-қиялдың жемісі ретінде өнер бейнелері адамзаттың тылсым табиғатының туындайтын түрлі құштарлықтарын, арман-тілектерін танытады. Тірі адамдармен түрлі әрекеттер жасауға моральдық құқымық болмайтындығын білгендіктен, өнер туындысына адам бейнелерімен сан алуан жай-жағдайларға орын беру мүмкіншілігі бар» деп атап өтеді.

Көркем өнер арқылы тұрмыстық жағдайдың, әрекеттің әрі ондағы адамның өзін-өзі ұстауының сан түрлі үлгілерін жасауға болады. Ойдан шығарылған көркем бейнелердің көркем өмірінде өз басыннан өткізбеген, мүмкін ешқашан өткізбейтін де, жағдайлардың бәрін жасау еркі қолында. Ендеше, өнер бейнелері керек жерінде қоғамды, адамды алға, жарқын болашаққа бастаушы бейне болуы да мүмкін, немесе сол қоғамның, ондағы адамдардың өзін-өзі тану, табу құралы болуы да мүмкін. Керемет көркем бейнелер жалпы адамзаттың мәдени рәміздеріне айналады. Мысалы, Дон Кихот, Гамлет, Мастер және Маргарита және тағы сол сияқтылар. Көркем шығармашылық пен көркем бейне эстетикадағы маңызды тақырыптардың бірі, себебі, адам өміріндегі өнердің, яғни рухани әлемнің алатын орны ерекше екенін жақсы білеміз. Осынау маңызды мәселелерді теориялық талдау осы саланың маманына ғана емес, қызығушылық танытқан әрбір адам үшін пайдалы.